

8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Стамшалов Еркін Иманғазыұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» деп аталатын диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/п №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым	8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Стамшалов Еркін Иманғазыұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» атты диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда: «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама» ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) «Ғылым» жөніндегі 3 тараудың мақсаттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне; Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығымен бекітілген Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереженің 8-9 пункттерімен үндеседі. Е.И. Стамшаловтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобаларда орындаушы ретінде зерттеулер жүргізген: - АР09259347 «Кеңестік Қазақстан: әлеуметтік және этникалық қатығыстар тарихының тағылымы (1920-1991 жж.)» гранттық жобасы (2021-2022 жж.). - «Жетісудің шерлі тарихы (1916-1991 ж.ж.)» Алматы облыстық әкімшілігі ішкі саясат басқармасының ғылыми-зерттеу жобасы. (2021-2022)

		дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	- «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық категориялары мен кіші санаттарын және оларды толық ақтау процестерін іргелі зерттеу» жобасының орындаушысы (2025).
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация 1918-1936 жылдар аралығындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың қалыптасуының тарихи жағдайын толық ашады. Зерттеуде 1918-1920 жылдарда болшевиктік биліктің қысымы кесірінен Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінен Қытайға босқындар кеткені, қайта оралғаны алғаш рет жүйеленген. Бұл кеңестік кезеңдегі босқыншылықтың көрініс беруінің бірінші кезеңі ретінде анықталған. Босқындардың Батыс Қытайдағы әлеуметтік-құқықтық жағдайы архив деректері және естеліктер негізінде нақты зерттелген. Ғылыми зерттеуде Қазақстанның көрсетілген өңірінде босқыншылық мәселесін шешу үшін Түркістан Республикасы ОАК жанынан құрылған ерекше комиссия мен оның бөлімшелері қызметі отандық тарих ғылымында бірінші рет жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырылған. Түркістан АКСР атқарукомы және үкіметі жанында қызмет атқарған босқындар жөніндегі ерекше комиссия құрылуы және қызметі туралы мол дерек қоры ғылыми айналымға енгізілген. Зерттеуде Жетісу мен Семей өңіріндегі аштық апаты мен шаруашылықты кеңестік үлгімен қайта құру саясатына қарсылық ретінде қарулы босқыншылық пайда болғаны жеке талданған. Батыс Қытайдан арнайы келген және жергілікті халық тарапынан құрылған қарулы топтардың Қызыл армия және шекара әскерімен қақтығысы, қарулы босқыншылықтың көшбасшылары туралы ҚР ПМ, ҰҚК архивтерінің маңызды деректері пайдаланылған. Қазақ босқындардың Қырғызстанға кетуі, ондағы жағдайы, олардың реэвакуациясы жеке талданған. Диссертант босқындардың әлеуметтік-құқықтық жағдайын нақты деректермен көрсетеді. Ғылыми жұмыстың деректермен қамтамасыз етілуінің ұтымды жағы – аудандық архивтердегі бұрын ғылыми айналымға түспеген соны деректердің пайдаланылуы болған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың алдыға қойған мақсатқа жетудегі құрылымы тақырыптың мазмұнын толығымен ашады. Мазмұнын баяндау желісі жүйелі, зерттеудегі ғылыми тұжырымдары дәлелді. Диссертация тақырыбының маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті.

			Ғылыми жұмыстың берген тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1 Ғылымға үлесін қосады, тақырыптың маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылып отырған диссертацияны Стампалов Еркін Иманғазыұлы өзі жазған және жазылуы деңгейі жоғары. Себебі, жұмыста келтірілген тарихи деректер берілген түсініктерді дәйектейді, сондықтан да жүйелі, тақырыпқа қатысты ғылыми пайымдаулар мен ұғымдарға талдау жасалып, берілген қорытындылар белгілі үйлесімділікте тұжырымдалған, жұмыстың алдыға қойған міндеттерін жүзеге асырудағы берілген пайымдауларға тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. 3.1 Жазу стилі үйлесімді, деңгейі жоғары.
	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Тарихнамалық талдау барысында таңдалған тақырыптың өзектілігі айқындалған. Әрқилы табиғат апаттары немесе қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық немесе қоршаған ортаға бейімділіктің басқа да қалыпты формаларының күйреуімен орын алатын босқыншылықтың қалыпты көші-кон үдерісінен өзгешелігі бар. Зерттеу тақырыбының өзектілігі төмендегі сипаттамамен анықталады: Ұлттар лигасы, Халықаралық Қызыл крест комитеті сияқты халықаралық құқықтық құрылымдар 1918-1936 жылдар аралығында Қытайға және басқа шекаралас аймақтарға қашып барған Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағының босқын топтарының жағдайына әсер етпеді. Жаңа орныққан большевиктік мемлекеттік құрылымдардың қысымы, астық, ет және басқа да шикізатты тартып алу, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру, діни сенімдерге шабуыл сияқты тонаушылық сипаттағы саяси және экономикалық науқандардың жүргізілуі және осының салдарынан аштықтың тууы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарындағы босқыншылық немесе мәжбүрлі көші-кон тақырыбы, босқындарға қатысты кеңестік саясаттың қалыптасуы мен эволюциясы отандық тарих ғылымында бұған дейін арнайы, кешенді зерттеу нысаны болған жоқ. Босқындарға қатысты шекаралық әскер құрылымдары ұстанымы, қабылдаушы елдер өкімет орындарының саясатын бұрын жарияланбаған дереккөздер негізінде саралау өте өзекті болып табылады. Босқындар жағдайын ғылыми айналымға әлі

		енгізілмеген архив дереккөздері және босқындардың өздерінің, олардың ұрпақтарының естеліктері негізінде XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Кеңес Одағында қалыптасқан саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай аясында талданылуы жұмыс тақырыбының өзектілігін көрсетеді. 4.1.1 Диссертация өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың мазмұнын ашу үшін жасалған жоспары үйлесімді, өзара сабақтас. Диссертация жұмысы: Белгілеулер мен қысқартулар, Кіріспеден, 3 тараудан, 10 тараушадан, Қорытындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі мен Қосымшадан тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтіннің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер кысқынды. Диссертацияның тараушалары логика тұрғысынан бір-бірімен сабақтасады. Жекелеген тараулар бойынша қорытындылар нақты деректермен негізделген. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мазмұнын ашу үшін алға қойғам мақсаттар мен міндеттер диссертацияның тақырыбына толық сәйкеседі. Диссертация мақсаты айқын қойылған. Зерттеудің міндеттері алға қойған мақсаттарға жету жолын айқын көрсетеді. Диссертацияның мазмұнын ашу үшін құрылған мақсат пен міндеттер өзара логикалық байланысты. Зерттеудің алдына қойған әрбір міндеті диссертация құрылымдық бөліктерінің ашылуын қамтамасыз еткен. Е.И. Стамшалов диссертациялық жұмысты жазу барысында бұрынғылыми айналымға енгізілмеген түпдеректерді пайдалана отырып, зерттеу тақырыбына жан-жақты талдау жасаған. Зерттеу жұмысын нәтижесіндегі тұжырымдарды дәйектеуге деректерді пайдаланғанда олардың әр қайсысы сілтемелерді орынды берген. Дерек қоры мол, зерттеу қорытындыларына сәйкеседі. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның құрылымдық бөлімдері өзара логикалық толық байланысқан. Диссертацияның бөлімдері құрылым ретінде орынды

	1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	логикалық тұрғыда байланысты сақтап берілген. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы дұрыс құрылған, логикалық тұрғыда өзара толық байланысқан. Зерттеу жұмысының әрбір тарау, тараушалары өзара сабақтасып, логикалық байланыста құралған. Диссертанттың ұсынған жаңа тұжырымдары мен пайымдаулары, шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденген. Тұжырымдар бұрыннан белгілі концепциялармен салыстырыла отырып, зерделенген. Диссертацияда автор сыни талдауды жүзеге асырған. Бұрынғы авторлар пайымдары, деректер сынына лайықты орын берілген. Диссертация авторы тыни талдауы жұмыстың мазмұнында толық қамтып, сараптаған. 4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы берілген мағлұматтар деректермен дәйектелген, дереккөздер жүйеленіп, жан-жақты талдау жасалынған. Зерттеудегі тұжырымдар сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеуде және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда талданған әдістер бір-бірімен байланыста және үйлесімді қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері дереккөздер мен негізгі әдебиеттерге тікелей жүйелі, сыни талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Теориялық концепцияларға сүйеніп, қорытындылар, анықталған өзара байланыстағы қағидаттар дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 4.5.1 Берілген басқа да авторлардың тұжырымдарын талдай отырып, өз пікірін де бере білген. Сыни талдау бар.
Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалардың барлығы жаңа.

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	- Зерттеу барысында алынған бірінші нәтиже жаңа. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық жексе ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет қарастырылып отыр; - Екінші нәтиже жаңа. 1918-1920 жылдарда большевиктік билік қысымы салдарынан Қытайға кеткен босқындардың белгілі бір бөлігі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін Қытайға кетіп, қайта оралған топтар екені анықталды. - Үшінші нәтиженің жаңалығы - Түркістан Республикасы ОАК-нің Жетісудағы ауыр әлеуметтік-саяси ахуалды оңалту мақсатында құрған босқындар жөніндегі Ерекше комиссия мен оның бөлімдерінің, сонымен қатар КСРО БОАК жанынан құрылған Ерекше комиссиясының қызметі отандық тарихнамада бірінші рет талданды. Бұл нәтиже осы зерттеу барысында алынған екінші нәтижемен сабақтас, оның логикалық жалғасы болып табылады. Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тудырған босқыншылық проблемасын шешу мақсатында кенестік билік құрған ерекше комиссия түріндегі жаңа құрылымдардың бөлімшелері мұсылман босқындардың, оның ішінде казактардың Жетісуға және іргелес өңірлерге қайтарылуын ұйымдастырып, жүзеге асыру тетіктері сараланған. Осы мақсатта мемлекеттік құрылымдар құжаттары, тиіс деректер талданған. Түркістан АКСР атқару комитеті, үкіметі жанынан құрылған, КСРО орталық атқару комитеті құрған ерекше комиссиялардың Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға кеткен босқындарды қайтару және орналастыру проблемасын шешуге әсері нақтыланған; Диссертациялық зерттеудің төртінші нәтижесі де жаңа. Мұнда Ресей мен Қытай шекара қызметтерінің босқындарға қатысты ұстанымы тиіс архив құжаттары негізінде талданып, босқындар жөніндегі Ерекше комиссия құзыреті әскери-шекаралық құрылымдар тарапынан мойындалмағаны анықталды. Шекараға жауапты әскери бөлімдердің босқындарға қатысты өзіндік ұстанымы болғаны, шекара қызметінің босқындарды қайтару бойынша азаматтық билік құрылымдарына жәрдемдеспей, керісінше, өзара қайшылықта әрекет еткені нақты деректер негізінде сараланған. Мұндай ұстанымның қазақ босқындарының эвакуациясына кері әсері, босқындар жағдайын ауыратқаны деректермен негізделген.
--	--	--	---

		Зерттеудің бесінші нәтижесі де жаңа. Босқындардың өздері топтасқан және Қытайдағы туыстары жіберген қарулы топтардың көмегімен шекарадан өту тарихы тарихы алғаш рет жүйеленіп зерттеліп, осы тарихи құбылысты бейнелейтін «қарулы босқыншылық» түсінігі енгізілген. Қарулы босқыншылықты кеңестік шаруашылық-саяси науқандарға қарсы халық көтерілістеріне қатысып, жеңіліс тапқан соң бос тасалаған топтар ғана емес, кеңестік саясатқа қарсылығын қарулы топтар көмегімен шекара бұзу арқылы көрсеткен топтар да құрағаны бұрын құпия болып келген құжаттар негізінде ара жігі ажыратылып, сараланған. Диссертант ұсынған бесінші жаңалық ретінде Қытайға барған казак босқындарының әлеуметтік-құқықтық жағдайы, Синьцзянь билігінің қоныс аударушыларға қатысты саясаты тың деректер негізінде талданған. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертацияда алынған тұжырымдар мен қорытындылар жаңа. Зерттеуде жасалынған қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды деректермен дәлелденіп, өз тұжырымдарын бере білген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты ішінара жаңа (25-75% жаңа); Диссертациялық жұмыс гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген, сондықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды қажет етпейді.

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық негізгі қорытындылар нақты деректермен дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған. Қорытындыларда келтірілген деректер ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Зерттеуші диссертациялық жұмыста келтірген тұжырымдарға қатысты негізгі қорытындылары маңызды деректермен дәйектелген, ғылыми тұрғыдан сенімді, қорытынды дәлелдемелерге негізделген. Диссертацияда зерттеуші келтірілген әрбір тұжырымдар деректермен дәлелденген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым: Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың бірінші кезеңі 1918-1919 жылдарды қамтитыны нақтыланды. Осы кезеңде большевиктік зорлық пен азамат соғысы шарпыған Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы босқыншылықты тоқтатып, қоныс аударушыларды бұрынғы мекендеріне қайтару бойынша кеңес билігінің алғашқы әрекеттері басталғаны сараланды. Зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және методологиялық концепцияларын, осы тақырыппен байланысты зерттеулерді талдау нәтижесінде босқыншылықтың тууына әсер еткен себептердің бірі – жаңа орнаған большевиктік биліктің қысымы екені айқындалды. Большевиктік репрессия мен азаматтық қарсы тұру шайқастары шарпыған Жетісуда Мұраев, Мамонтов отрядтарының қатыгездігі туғызған босқыншылықты тоқтатып, шегара асқан босқындарды қайтаруға бағытталған құрамына Л. Малинин, Ж. Юлдашев, Клашниковтар кірген кеңестік алғашқы арнайы комиссия Синьцзянға барып шаралар атқарғаны, қоныс аударушылар ішінара бұрынғы қоныстарына қайта орала бастағаны жан-жақты жүйеленіп, талданып нақты деректермен дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә

Екінші тұжырым: Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл пиғылдағы орыс қоныс аударушыларынан көрген қысымнан қашып Қытайды паналаған босқындардың ондағы мүшкіл хәлі сараланды.. Босқындардың елге қайту әрекеті Сынцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырап отырғаны талданды. Диссертант XX ғасырдың 1-шірегіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылық тарихына қатысты еңбектерді жүйелеп, тарихнамалық талдау жасап, тек Қазақстанның ғана емес, басқа да елдердегі мысалы Ресейдегі, Кыргызстандағы архивтерден алынған бұрын ғылыми айналымға түспеген құжаттарды зерделеп, тақырып бойынша тың көзқарастар мен пайымдауларды екшеп, жүйелі жұмыс жасаған. Тақырыпты зерттеуде жан-жақты тарихи талдауға мүмкіндік берген дерек көздер ретінде отандық және ресейлік архив қорларының материалдары, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Президент Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Алматы облыстық архиві, Жетісу облыстық архиві, Ресей мемлекеттік әскери әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА), Ресей мемлекеттік әскери архиві (РМӘА), Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві (РМҚЗТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), т.б. қолданылған:

- 7.1. Дәлелденді
- 7.2. Тривиалды емес
- 7.3. Қағидаттар жаңа
- 7.4. Қолдану деңгейі кең
- 7.5. Иә

Үшінші тұжырым. Жасалған тұжырым жаңа болып табылады. Азамат соғысы аяқталған соң Сынцзян мен Кеңестік Түркістан үкіметтері екі тараптың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер еткен босқындар мәселесін түпкілікті шешуге мүдделілігі негізінде туған «Еле келісімінің» пайда болуының тарихи жағдайы сараланды. Түркістан АКСР ОАК жанынан құрылған босқындар жөніндегі Ерекше комиссияның бөлімдері Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқындарды қайтару және бұрынғы мекендерінде орналастыру бағытында елеулі қызмет атқарғаны

		дәлелденді. Батыс Қытайдан қазақ босқындарының эвакуациясының 1924–1926 жылдардағы кезекті толқыны КСРО аумағындағы еңбек иммиграциясы, реэмиграция мәселелерін «түпкілікті шешу» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, Түркістан АКСР-і үкімет органдары тарапынан жүргізіліп келген босқындарды қайтару және бұрынғы мекендеріне орналастыруға қатысты шаралар тиісті қаржыландырудың жетімсіздігі себепті тығырыққа тірелгені құжаттар негізінде дәлелденді. Босқындарды Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағына Қытайдан қайтарумен айналысқан РКФСР БОАК жанынан құрылған жерге орналастыру жөніндегі М Серафимов басқарған Ерекше комиссия қызметінің басталуы, жүргізілуі және тоқтатылуы, босқындарды қайтару бойынша жұмыстар құзыреті Қазақ АКСР жер халкомына берілуі отандық тарихнамада бірінші рет жүйелі деректер негізінде дәйекті сараланды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Төртінші тұжырым толығымен жаңа. Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ірі байларды тәркілеу науқаны барысында халықтың Қытайға босуы жиілегені нақты деректермен жүйеленді. Шаруа қожалықтарының Қытайға босқыншылығына кедергі жасау мақсатында Қазақ АКСР үкіметі оңтүстік-шығыс аймақтағы шекара маңындағы бірқатар елді мекендерді ірі байларды тәркілеу туралы декреттің құзырынан шығарғаны саранталды. Зерттеу нәтижелері негізінде босқындарды тоқтатқан кеңестік билік шекара маңында қолға түскен мал-мүлікті контрабанда есебінде тәркілеп, «Қосшы» одағы арқылы кедейлерге таратқаны талданды. Астық дайындау, мал алымы сияқты шаруашылық-саяси науқандардың да босқыншылықтың үлеуіне әсер еткені саранталып, дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең
--	--	--

		7.5. Иә Бесінші тұжырым Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы XX ғасырдың 20-жылдарының аяғында ұйымдасқан қарулы босқыншылыққа ұласқаны негізделді. 1920-жылдардың аяғында Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа ұласып, аз мөлшерде малын айдап, саудасаттық мақсатында шекара асып жататын қалыпты шаруалар көшіп тұтас ауылдардың үлере көшуі, ұйымдастырған қарулы босқыншылық пайда болғаны сараланды. Қарулы отрядтар көмегімен шекарадан көшіп өтіп жатқан босқындар қатарында Кеңес өкіметінің тірегі болған партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болғаны, шекаралық аудандардағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындарды асқан қатыгездікпен тонауы сипатталды. Шекаралық аудандардағы коммунистік отрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындар топтарын талқандап, олардың мал-мүлкін тонап, ұйымдастырушыларын жазалап, өздерін тұрғылықты мекендеріне қайтарғаны деректер негізінде, айрықша маңыздысы, бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, жабық болып келген ҚР ІІМ, ҚР ҰҚК архивтер деректері пайдаланылды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә Алтыншы және жетінші тұжырым толығымен жаңа. Алтыншы тұжырымға сәйкес Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінен Қытайға кеткен босқындар шекара маңындағы қалмақ әскери топтарының тонауына ұшырағаны, сонымен қатар Қытайдың Синьзяндағы жергілікті билігі тарапынан құқықтық кемсітушілік көріп, жергілікті тұрғындардың қысымына ұшырап, босқындар қорғану мақсатында қарулы топтар құруға мәжбүр болғаны сараланды. Қытайдағы қазақ босқындары мен олардың жетекшілерінің іс-әрекеті БМСБ тыңшылық қызметінің бақылауында болғаны деректер негізінде
--	--	---

			дәлелденді. Тұжырымның дәлелденуіне Ресей мемлекеттік әскери архивінің (РМӘА) құпиясыздандырылған қорлары деректері, Жетісу облыстық архиві Панфилов филиалы архивінің құнды деректері пайдаланылған. Жетінші тұжырым бойынша Қазақстандағы кеңестік биліктің Қырғызстанға кеткен босқындарды қайтарудағы енжарлығы демографиялық апатқа әкеліп соқтырғаны құжаттар негізінде зерделенді. Қырғызстандағы казак босқындарына жергілікті үкімет тарапынан көрсетілген қысым Қырғыз АКСР ХКК төрағасы Ж. Әбдірахмановтың араласуымен саябырсығаны Қырғыз Республикасының ОМА және ҚР КСҚА деректерімен дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жана 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә Сегізінші, тоғызыншы және оныншы тұжырымдар да жана. Сегізінші тұжырым ауыл шаруашылығын қайта құрудағы күштеу шаралары салдарынан Оңтүстік-шығыс Қазақстанның тұрғындары Кеңес Одағының басқа аймақтарына да басып кеткені нақты құжаттармен дәлелденген. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде босқыншылық салдарынан мал басы кеміп, азық-түлік тапшылығы үдей түскені, көптеген аудандарда шаруашылықтар дағдарысқа ұшырап, аштық салдарынан өлім-жітім жиілегені сараланған. Тоғызыншы тұжырым Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі жаппай босқыншылық панасыз балалардың көбеюіне алып келгені, олар үшін өңірде азық-түлік, материалдық жағынан жұтпаң жабылған балалар үйлері ашылды, осы үйлерде де аштан өлу фактілері көптеп орын алғаны, босқыншылық тұтыған панасыз балалар статистикасы сараланды. Оныншы тұжырым бойынша Қазақстан үкіметі жанынан құрылған комиссия арқылы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықты жою мақсатындағы шаралар жетімсіз болғаны, босқындарды тұрғылықты мекендерінен кеткендері үшін жазалау шаралары толастамағаны деректермен негізделді. Босқындарды Орта Азия республикаларынан және Қытайдан елге қайтару және орналастыру шаралары жүйесіз
--	--	--	--

			түрде, отырықшыландыру және шаруашылықтың жекелеген салаларын жұмыс күшімен қамтамасыз ету міндетімен қабат жүргізілгені дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә
	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған; 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияны жазуда қолданылған әдіснама негізделген. Әдіснамада басты қағида, зерттеудің методологиялық негізі ретінде әлем-жүйелік теория алдыңған. Әлем-жүйе – өзінің шекарасы, құрылымы, легитимдену және бейімделу ережелері бар әлеуметтік-экономикалық организм. Бұл организмнің өмірін өзара қақтығысушы күштер анықтайды, қақтығыс әлеуметтік-экономикалық организмнің тұрақсыздығын емес, оның жанару мүмкіншіліктерін, даму ресурстарын көрсетеді. Жалпы алғанда «әлем-жүйе» бұл «әлемдік жүйе» емес, өзі жеке алғанда «әлем» сипатына ие болатын «жүйе». Осы идеяға негізінде капиталистік «әлем-жүйеге» кіретін жеке әлеуметтік-экономикалық организм болған Ресей империясы бірқатар әртүрлі кіші әлеуметтік-экономикалық жүйелерден тұратыны, Ресей большевиктерінің сол кездегі қоғамның даму деңгейіне сәйкес келмеген эксперименттік бағдарламасы «кіші жүйелердің» күйреуіне әкелгенін саралауға мүмкіндік бергені негізделген. Ғылыми зерттеуде босқындар категорияларының бейнесін сараптау босқын категориясындағы адамдар тобының шынайы өмірлік бейнесін қалыптастыруға көмектесетін дескриптивті әдіс пайдаланылған. Дескриптивті әдіс босқыншылықтың құбылыс ретінде қалыптасуы мен кезеңделуінің тарихи себептеріне тереңдеуге мүмкіндік берген. Зерттеудің объектісін күрделі жүйенің бір бөлшегі ретінде қарастыратын тарихи-жүйелілік әдісі де қолданылған. Қазақстаннан кеткен босқындар қауымдастығының тарихы нақты тарихи оқиға, тарихи жағдай және дүниежүзілік тарихи үдеріс сияқты құрамдас бөліктерді қамтитыны негізделген. Түркістаннан Батыс Қытайға барып орныққан бұрынғы Ресей империясы азаматтарының қауымдасып өмір сүруін талдауда тарих кеңістігі өзара әрекеттесіп

		өмір сүретін өзіндік құрылымдары бар жүйелерден тұратыны туралы құрылымдық функционализм әдістемесі пайдаланылған. 1. Ия
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертация тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Зерттеуде ізденуші тақырыпқа қатысты шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларын негізге ала отырып, өз бетінше ғылыми теориялық қорытындылар жасай білген. Зерттеудің мазмұнын ашу мақсатында да бұрынғы ғылыми айналымға түспеген деректерді қолдана отырып, алдыңғы зерттеулерде қарастырылмаған мәселелерге көңіл бөлген. Бұл да зерттеушінің теориялық білімі, методологиялық ұстанымы мен деректердің жіктелуіне және фактілерді жүйелеуіне шамасы жететін кәсіби біліктілігін көрсетеді. Тарих ғылымындағы қазіргі әдістемде тарихи фактілер мен тарихи оқиғалар көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әрекетін іске асыру ретінде қарастырылады. Диссертанттың қолданған әдістері тақырыптың мазмұнын ашуға бағытталған кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жалпылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Зерттеуде жүйелеу, тақырып мазмұнының ішкі ұйысуы, дәлелденген қорытындылар мен алынған нәтижелер зерттеудің ғылыми жетістігі болып саналады. Тақырыптың мазмұнын ашуға қатысты зерттеулер мен деректер жиынтығы жүйеленген. Бұл теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, деректер мен мәліметтерді орынды қолданғандығын, нәтижеде өз пайымдауларын қоса шығармашылық синтез негізінде зерттелгендігін көрсетеді. Алынған тұжырымдар, зерттеушіден тарихи өлшемдердің тереңдігі мен зерттеу құралдарын және зерттеу нысанын талдауда оның мәнін терең ұғынуды талап етеді және сол орындалғанда ғана қолжетімді болады. Сондықтан зерттеуші, қазіргі

		тарихнамадағы ең маңызды әдіснамалық міндеттерді: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың анықталуын, негізгі тарихнамалық фактілердің іріктелу критерийлерінің нақтылануын, тарихнамалық талдау мен дереккөзі арақатынасын құрудың, тарихтың объективтілігін анықтаудың, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің үлесін, сондай-ақ тарихтың даму кезеңдері критерийлерін анықтаудың бағыттарын негіздеі алған. 1. Ио
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Шетелдік және отандық архив деректерін талдау нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі 1918-1936 жылдар аралығындағы босқыншылықтың кезеңдері маңызды деректермен, ғылыми зерттеулермен нақтыланған. Нәтижеде өңірдегі босқыншылықтың туу себептері, барысы және салдары анықталды. Босқыншылық үдерісіне тартылған әлеуметтік топтардың тарихи жағдайдағы әрекеті бұрын ғылыми айналымға енгенген тың деректермен негізделген. Атап айтқанда, босқыншылыққа себеп болған большевиктік қысым әрекеттері, босқындар жөніндегі ерекше комиссиялар қызметі, кеңестік жүйеге қарсы тұрудың айрықша формасы – қарулы босқыншылық көріністері нақты архив деректерімен расталған. Зерттеу нәтижелері бұрын жарық көрмеген архив деректері, босқындар мен олардың ұрпақтарының естеліктері, мерзімдік баспасөз материалдары, шежірелік мәліметтерді жан-жақты пайдаланыла отырып тұжырымдалған. Зерттеудің мазмұнында келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Берілген әдебиеттер тізімі талапқа сай рәсімделген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Е.И. Стамшаловтың диссертациясында 377 әдебиет (дерек көзі) пайдаланылған. Онда: Шетелдік және Отандық архив қорлары, арнайы архив құжаттары, архив материалдарының жинақтары, мемлекеттік мекемелер қаулылары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, фотоматериалдар мен кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар кеңінен пайдаланылған. Сондықтан пайдаланылған әдебиеттері әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.

			8.5.1 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаларға негізделген. Диссертацияның теориялық негізі шетелдік зерттеушілердің «Босқыншылық», «Тарихи демография», «Донор елдер», «Реципиент-елдер», «Резмиграция», «Ирреденттілік», «Мұғаджырлық» т.б. ұғымдардың мәнін ашуға концепцияларына сүйенген. Өдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағидалардың теориялық базасы негізге алынды. Зерттеуде ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру, әлем-жүйелік теория, әлеуметтік тарих, құрылымдық функционализм, дескриптивті әдіс және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды. Сондай ақ, әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	9.1.1 бар Диссертацияда көрсетілген қағидалар мен берілген тұжырымдардың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының ғылыми маңызы – диссертациядағы нарративтік материалдарды талдау және қорытынды ой-түйіндері XX ғасырдың бірінші жартысында Кеңестік Қазақстанда болған әлеуметтік апаттар мен трагедиялардың шынайы тарихын қалпына келтіруге үлес қосады. Сондай-ақ диссертациялық зерттеу жұмысындағы мәліметтер мен қорытындыларды босқыншылық тарихына қатысты жалпы еңбек жазуға, оқу бағдарламаларын жасауға, оқу құралдарын әзірлеуге, әлеуметтік-саяси тарих бойынша арнайы курстар дайындауға қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.2.1 Иә Диссертацияда практикалық маңызы бар және алынған нәтижелердің практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары. Зерттеуде көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 Иә

10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Е. И. Стамшаловтың диссертация жұмысының жазу стилі және зерттеуді ғылыми-ақпараттық тәсілмен ресімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 Академиялық жазу сапасы жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		Е. И. Стамшаловтың зерттеу жұмысына қатысты маңызды сын-пікірлер жоқ, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Диссертантқа ұсыныс ретінде осы диссертациялық зерттеу тақырыбы аясында гранттық ғылыми жоба дайындаса деген тілек. Жоғарыдағы айтылған ұсыныс Е. И. Стамшаловтың диссертациялық жұмысына нұқсан келтірмейді, берілген оң бағаны еш төмендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Е.И. Стамшаловтың зерттеу жұмысы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 16 мақала жариялаған. -ҚР БҒМ БҒСБЖ журналдарында - 9, - Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында- 6, - Scopus базасында тіркелген журналда 1 мақаласы сыннан өткен. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 тарауы ретінде баспадан жарық көрген. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D020300 – Тарих мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Стамшалов Еркін Иманғазыұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес

		келеді деп есептеймін сондықтан (PhD) докторы дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.
--	--	--

Ресми рецензент:

Гүмарбек Дәукеев атындағы энергетика және байланыс университетінің «Әлеуметтік пәндер»

кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты



Б.Ж. Кабдушев

